

Жасөспірімдер арасындағы халықаралық жаратылыстану-ғылыми олимпиадасы (IJSO) туралы ереже

Жасөспірімдер арасындағы халықаралық жаратылыстану-ғылыми олимпиадасы (IJSO) – бұл жарыс жылының 31 желтоқсанында он бес жастағы немесе он бес жасқа толмаған білім алушылар үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша жыл сайынғы жеке және командалық жарыс. IJSO жаратылыстану ғылымдарының жастардың жалпы білім беруіндегі және олардың өмірінің барлық салаларындағы маңыздылығын мойындау үшін құрылды. IJSO – бұл тек білім беру шарасы.

Мақсаттар мен міндеттер

IJSO мақсаттары:

- ғылымдағы білімді жетілдіруге ұмтылысты ынталандыру;
- дарынды білім алушыларды анықтау, олардың жаратылыстану ғылымдары саласындағы қабілеттерін одан әрі дамытуға ынталандыру және көтермелеу;
- ерте жастан бастап бүкіл әлем бойынша IJSO қатысушылары арасында достық қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

IJSO міндеттері:

- білім алушылардың жаратылыстану ғылымдарына белсенді қызығушылығын ынталандыру;
- ғалымдар мансабын құрғысы келетін қатысушыларға көмек көрсету;
- жаратылыстану ғылымдары саласындағы халықаралық қатынастарды нығайту және дамыту;
- болашақ ғылыми ынтымақтастыққа ықпал ету;
- ғылыми қоғамдастықта достық қарым-қатынасты қалыптастыруды ынталандыру;
- қатысушы елдердегі ғылыми білім беру саласындағы оқу бағдарламалары мен білім беру үрдістерін салыстыру жүргізуге мүмкіндік беру.

Ұйымдастыру тәртібі

Ұйымдастырушы ел Үкіметке, Министрлікке немесе мекемеге қараша айының соңында немесе желтоқсанның басында IJSO өткізетін Ұлттық ұйымдастыру комитетін құруды тапсырады. Олимпиада ұйымдастырушы елдің аумағында өткізіледі. Олимпиаданың ұзақтығы (келу және кету күндерін қоса алғанда) 9 күннен кем болмауға тиіс.

Ағылшын тілі IJSO жұмыс тілі болып табылады және Олимпиада тапсырмалары, сондай-ақ олардың шешімдері IJSO Халықаралық кеңесіне және команда жетекшілеріне ағылшын тілінде ұсынылуға тиіс. Ұйымдастырушылар тапсырмаларды басқа тілдерде де дайындай алады.

Келесі IJSO-ны ұйымдастырушы елдердің тізімін жасау мақсатында әрбір ел Олимпиадаға қатысқан сәттен бастап бес жыл ішінде өзінің қабылдаушы тарап болу ниеті туралы мәлімдеуге тиіс. IJSO ұйымдастыру бойынша міндеттемелерді өзіне алудан бас тартқан ел одан әрі қатысудан шеттетілуі мүмкін.

Ұлттық делегация

IJSO жұмысына толық қатысқан немесе алдыңғы екі жылдың бірінде IJSO-ға бақылаушы жіберген әрбір ел IJSO қатысу үшін құрамында алты қатысушы мен үш жетекші бар делегация жіберуге құқылы. Делегацияның бір жетекшісі елдің үйлестірушісі ретінде әрекет етеді.

Ұйымдастырушы ел екі ұлттық делегацияны қатысуға жіберуге құқылы.

Қатысушы елдердің саны елуге жетіп, бірақ IJSO-ға қатысуға ниет білдірген елдер бар болса, онда бұл елдер қатыспас бұрын байқаушыны ұсынуы керек.

Қатысушылар

Толық құрама командасы алты білім алушыдан және үш жетекшіден тұрады. Егер толық құрама команданы жинақтау мүмкін болмаса, онда IJSO-ға қатысуға ең аз саны: үш оқушы және бір команда жетекшісі бар команда жіберіледі. Егер ұлттық делегация үштен кем қатысушыдан тұратын болса, онда бұл делегация команда ретінде жіктелмейді және командалық наградаларға жіберілмейді.

Қатысушы, егер оның осы елдің жарамды паспорты болса немесе осы елдің мектебінің оқушысы (кемінде бір оқу жылы) болып табылса және басқа елдің командасына іріктеу процесіне қатыспаса, елдің атынан шығуға жол беріледі. IJSO өткізу кезінде қатысушы жоғары білім алушы болмауға тиіс.

Команда жетекшілері

Команда жетекшілері:

- тапсырмалар мен нәтижелердің көпшілік алдында жариялануына дейін толық құпиялылығын сақтауға;
- тапсырмалардың ағылшын тілінен (немесе басқа тілдерден) қатысушылардың ана тіліне лайықты аудармасын қамтамасыз етуге тиісті. Ұйымдастыру комитеті ел делегациялары үшін аудармашы қызметін ұсынбайды;
- қатысушылардың шешімдерін бағалауға және модерация үдерісіне толық қатысуға;
- IJSO Жарғысын және Ұйымдастыру комитетімен қарастырылған Ұйымдастыру ережелерін сақтауға;

- қатысушылар тапсырмаларды орындауға кіріскеннен кейін және Халықаралық кеңестің рұқсаты алынғанға дейін өз қатысушыларымен сөйлеспеуге тиісті.

Халықаралық кеңес IJSO-ның осы шартын бұзған қатысушыларды дисквалификациялайды. Топ жетекшілері делегация мүшелері туралы барлық мәліметтер IJSO ережелеріне сәйкес келетініне және Ұйымдастыру комитеті мәліметтерді делегация Олимпиадаға келгенге дейін қабылдағанына көз жеткізулері керек.

Команда жетекшілері Ұйымдастыру комитеті қатысуға жібермеген қатысушылардың шығындарын өтейді.

Қаржылық мәселелер

Қабылдаушы ел делегациялар IJSO орналасқан жерге келген сәттен бастап және олар кеткенге дейінгі барлық шығындарды өтейді. Бұл шығындар:

- делегациялардың тамақтануын және тұруын;
- медальдарды, марапаттарды, сертификаттарды және т.б. сыйлықтарды қамтиды.

Қатысушы елдердің үйлестірушілері:

- IJSO өткізу орнынан үйге дейінгі кері жол шығындарын;
- Олимпиаданы өткізу кезеңіне денсаулық пен саяхатты сақтандыру шығындарын өтейді;
- әрбір делегация үшін қатысу жарнасы орташа есеппен 1.000.00 АҚШ долларын құрайды және бұл сома жыл сайын қайта қаралады.

Кесте

IJSO үш кезеңнен тұрады, әр кезеңге Ғылыми комитет дайындаған бірнеше тапсырмалар кіреді. Үш тур әр турдың арасында кемінде бір күн аралықпен үш күн бойына өткізіледі. Әр турға бөлінген уақыт үш-төрт сағатты құрайды. Байқау күндерін өткізу тәртібін Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

Тапсырмалар

Тапсырмалар үш конкурстық турға бөлінген.

Тест және Теориялық турлары – бұл жеке жұмыс турлары. Практикалық тур – бұл командалық жарыс, әр команда үш қатысушыдан тұрады (әр ел практикалық турға екі команда ұсынуға құқылы).

Бір сұраққа бірнеше жауаптары бар сауалнамада (тест) сұрақтар саны 30 (отыз). Тест туры физика (10 тапсырма), биология (10 тапсырма) және химия (10 тапсырма) бойынша сұрақтарды қамтиды. Әр сұрақтың төрт мүмкін жауабы бар, олардың біреуі ғана дұрыс.

Теориялық турдың тапсырмалары биология, химия және физика және/немесе пәнаралық тақырыптарын қамтитын бөлімдерге бөлінген. Бұл тур күрделі, себебі оған физика, химия және биология кіреді.

Практикалық тур-бұл тәжірибелік тест. Бұл турға арналған тапсырмалар физика, химия және биологияның үйлесімі болып табылады.

Тапсырмалар:

- IJSO-ның оқу бағдарламасына байланысты болуы керек және оқу бағдарламасының барлық мазмұнын мүмкіндігінше қамтуы керек;
- инновацияны қамтуы керек.

Бұл турдың тапсырмаларын IJSO-ның ғылыми сарапшылары (Жергілікті ғылыми комитет емес, Халықаралық кеңестен Атқарушы комитет құрған сарапшылар тобы) алдын ала қарайды және бекітеді. Ғылыми комитет тест туры үшін жауап нұсқалары бар кемінде 9 (тоғыз) қосымша тапсырма және теориялық тур үшін кемінде 3 (үш) қосымша тапсырма дайындауға тиіс. Бұл қосымша тапсырмадар барлық үш пән арасында бірдей бөлінуі керек. Қабылданбаған тапсырмалар қайта қарау мүмкін емес.

Бағалау жүйесі

Жауаптарды бағалауды Ғылыми комитет жүргізеді және нәтиже модерация барысында топ жетекшілерімен талқылаудан кейін қайта қаралуы мүмкін.

Тапсырмаларды орындау үшін ең жоғары балл:

- Тест туры: 30 балл
- Теориялық тур: 30 балл
- Практикалық тур: 40 балл

Тест және Теориялық турлар жеке бағаланады. Тест турында әр дұрыс жауап 1 (бір) баллмен, қате жауап 0,25 (нөл бүтін жиырма бес балл) және жауап бермегені үшін нөл баллмен бағаланады.

Команданың әрбір мүшесіне Практикалық тур үшін бірдей балл беріледі. Дұрыс бағалау үшін команда жетекшісі қатысушылардың аттарын қатесіз көрсетуі керек.

Модерация

Модерация-бұл топ жетекшілерінің Ғылыми комитет мүшелерімен қатысушылардың бағаларын талқылауы.

Модерация басталар алдындағы түні Ғылыми комитет бағалау команда жетекшісіне әр қатысушының тексерілген жұмыстарын, сондай-ақ бағалау схемасын ұсынады.

Әр елдің команда жетекшісі Ғылыми комитет құрған кестеге сәйкес модерацияға шақырылады және ол осы уақыт ішінде өз командасы қатысушыларының бағаларын талқылауға құқылы.

Модерацияның соңында әр елдің команда жетекшісі қатысушылардың түпкілікті келісілген бағасына қол қояды.

Ғылыми комитеттің төрағасы нәтижелердің түпкілікті тізімін жасайды, оны бекітеді, команда жетекшілері қол қояды. Келісілген соңғы нәтижелері бар парақ модерация аяқталғаннан кейін бірден тексеріледі.

Модерациядан кейін қатысушылардың бағаларына ешқандай өзгерістер енгізілмейді.

Сонымен қатар:

- модерацияны Ғылыми комитеттің төрағасы басқаруы мүмкін;
- модерацияға тек командалардың жетекшілері, Атқарушы комитеттің мүшелері және Ұйымдастыру комитетінің тағайындалған мүшелері қатыса алады;
- Ұйымдастыру комитетінің төрағасы модерацияға қатысуға тиіс.

Марапаттау

Сертификаттар: медаль алмаған қатысушылар қатысу туралы сертификаттармен марапатталады. Медаль алған қатысушы сертификат алады, сертификатта алынған медаль туралы мәлімет жазылады.

Медальдар төмендегідей бөлінеді. Жеке жарыста:

алтын медальдармен: қатысушылардың жалпы санының 10% (шамамен);

күміс медальдармен: қатысушылардың жалпы санының келесі 20% (шамамен);

қола медальдармен: қатысушылардың жалпы санының келесі (шамамен) 30% (60% - дан аспауға тиіс) марапатталады.

Командалық (практикалық) жарыс (команданың әрбір мүшесіне 1 медальдан):

алтын медальдармен: ең көп ұпай жинаған 1-ші команда;

күміс медальдармен: ең көп ұпай жинаған 2-ші команда;

қола медальдар: ең көп ұпай жинаған 3-ші команда марапатталады.

Арнайы жүлделер мен сертификаттар:

- ең жоғары жалпы балл (барлық турлар бойынша алынған ұпайлардың жалпы саны) жинаған қатысушыға «Абсолютті жеңімпаз» номинациясы бойынша;
- теориялық турлар бойынша ең көп балл (тесттік және теориялық турлар бойынша жалпы балл саны) жинаған қатысушыға «Теория жеңімпазЫ» номинациясы бойынша тапсырылады.

IJSO Президенті бас жүлде мен IJSO туын ұлттық құрама командасы ең көп ұпай жинаған және «Жеңімпаз ел» деп танылған елге тапсырады. IJSO-ның туы жеңімпазға тұрақты тиесілі емес және келесі IJSO-ның ашылу салтанатында IJSO Президентіне қайта беріледі, ол оны жаңа жеңімпазға қайта табыстайды. Қосымша арнайы жүлделер қабылдаушы елдің қалауы бойынша тапсырылуы мүмкін.

